

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 145 қаулысы

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 –V "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің төмендегі:

1) 2015 жылғы 18 наурыздағы № 70 "Жұмыс орындарына квота белгілеу" (Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4286 тіркелген, аудандық "Қобда" газетінде 2015 жылы 16 сәуірде № 17 жарияланған);

2) 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 11 "2016 жылға Қобда ауданы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту туралы" (Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 ақпандағы № 4370 тіркелген, аудандық "Қобда" газетінде 2016 жылы 18 ақпанда жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Жүсібалиев